

Қазақстан Республикасы мен Монғолия арасындағы қылмыс жасаған адамдарды қылмыстық жауапкершілікке тарту үшін немесе үкімді орындау үшін беру туралы шартты Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесіне бекітуге енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 10 желтоқсан 1993 ж. N 1238

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:
Қазақстан Республикасы мен Монғолия арасында 1993 жылы 22 қазанда қол қойылған Қылмыс жасаған адамдарды қылмыстық жауапкершілікке тарту үшін немесе үкімді орындау үшін беру туралы шарт Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесіне бекітуге енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы мен Монғолия арасындағы қылмыс жасаған адамдарды қылмыстық жауапқа тарту үшін немесе үкімді орындау үшін ұстап беру туралы
Шарт

Бұдан әрі Уағдаласушы Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасы мен Монғолия, егемендікті құрметтеу және өзара сыйластық негізінде құқылық қатынастар саласындағы ынтымақтастықты дамыту тілегін басшылыққа ала отырып, мыналарға уағдаласты:

1-бап
Ұстап беру міндеті

Уағдаласушы Тараптар осы Шарттың ережелеріне сәйкес бір-біріне өз аумағындағы адамдарды қылмыстық жауапқа тарту үшін немесе заңды күшіне енген үкімді орындау үшін өтініш бойынша ұстап беруге міндеттенеді.

2-бап

Ұстап беруге әкеп соғатын қылмыстар

Ұстап беру екі Уағдаласушы Тараптың заңдарына сәйкес қылмыс болып табылатын және жасалған жағдайда бір жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза немесе басқа да неғұрлым ауыр жаза қолдану көзделетін әрекеттер үшін жасалады. Заңды күшіне енген үкімдер бойынша үкімді орындау үшін ұстап беру осындай қылмыстарды істегені үшін бір жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыруға немесе басқа да неғұрлым ауыр жазаға сотталған жағдайда жүзеге асырылады.

3-бап

Ұстап беруден бас тарту

Егер:

1) ұстап беру туралы өтініш жіберілген адам сұрау салынып отырған Уағдаласушы Тараптың азаматы немесе осы мемлекеттік паналауға құқық берілген адам болса;

2) қылмыстық қудалау екі Уағдаласушы Тараптың заңдарына сәйкес зардап шегушінің жеке шағымы бойынша ғана қозғалса;

3) өтініш алынған кезде қылмыстық қудалау сұрау салынып отырған Уағдаласушы Тараптың заңдарына сәйкес қозғалуға мүмкін болмаса немесе үкімді мерзімі өтіп кетуі салдарынан немесе өзге де заңды негіздер бойынша орындау мүмкін болмаса;

4) сұрау салынып отырған Уағдаласушы Тарап аумағында ұстап беру туралы өтініш жіберілген адамдар жөнінде жасаған қылмысы үшін іс жүргізуді қысқарту туралы заңды күшіне енген үкім немесе қаулы шығарылса, ұстап беруге болады.

Егер ұстап беру туралы өтініш жіберілген қылмыс толық немесе ішінара сұрау салынып отырған Уағдаласушы Тарап аумағында жасалса, ұстап беруден бас тартылуы мүмкін.

Ұстап беруден бас тартылған жағдайда сұрау салынып отырған Тарап сұраушы Тарапқа бас тартудың негіздемесін хабарлайды.

4-бап

Ұстап беруді кейінге қалдыру

Егер ұстап беру туралы өтініш жіберілген адам қылмыстық жауапқа тартылған болса немесе сұрау салынып отырған Уағдаласушы Тараптың аумағында жасалған басқа бір қылмысы үшін жазасын өтеп жүрген болса, оны ұстап беру қылмыстық қудалау біткенге, жазасын өтегенге немесе кез келген заңды негіз бойынша босатылғанға дейін кейінге қалдырылуы мүмкін.

5-бап

Уақытша ұстап беру

Егер осы Шарттың 4-бабында көзделген ұстап беру мерзімінің кейінге қалдырылуы қылмыстық қудалау мерзімі ұзақтығының өтіп кетуіне әкеп соғуы немесе қылмыстың тергелуін шындап қозғауы мүмкін болса, негізделген өтініш бойынша, ұстап берілген адам ол ұстап берілген іс жүргізу әрекеттері жүргізілгеннен кейін және

ұстап берілген күнінен үш айдан кешіктірмей қайтарылған жағдайда оның уақытша ұстап берілуі мүмкін.

6-бап

Бірнеше мемлекеттің өтініші бойынша ұстап беру

Егер белгілі бір адамды ұстап беру туралы өтініш бірнеше мемлекеттен алынса, олардың қайсысы қанағаттандырылуға тиіс екені туралы мәселені сұрау салынып отырған Уағдаласушы Тарап шешеді.

7-бап

Ұстап берілген адамды қылмыстық жазалау шектері

Ұстап берілген адамды сұрау салынып отырған Уағдаласушы Тараптың келісуінсіз оны ұстап беруге негіз болғанынан өзге қылмыстарға байланысты қылмыстық жауапқа тартуға немесе оған жаза қолдануға болмайды.

Сұрау салынып отырған Уағдаласушы келісімінсіз, адамды үшінші мемлекетке де беруге болмайды.

Егер ұстап берілген адам қылмыстық қудалау аяқталып, жазасын өтеген соң немесе кез келген заңды негіз бойынша босатылғаннан кейін сұраушы Уағдаласушы Тараптың аумағынан 15 күн ішінде кетпесе немесе егер ол одан кеткеннен кейін оған өз еркімен қайтып оралса, сұрау салынып отырған Уағдаласушы Тараптың келісімі талап етілмейді. Бұл

мерзімге ұстап берілген адам сұраушы Тараптың аумағынан өзіне байланысты емес мән-жайлар бойынша кете алмаған уақыт есептелмейді.

8-бап

Ұстап беру туралы өтініш

Ұстап беру туралы өтініш жазбаша түрде жасалып, онда:

- 1) сұраушы мекеменің атауы;
- 2) сұраушы Уағдаласушы Тараптың істелген әрекетті қылмыс деп тануға негіз болған заңының тексі;

3) ұстап беру туралы өтініш жіберілген аты-жөні, оның азаматтығы, тұрақтылықты жері немесе жүрген жері туралы мәліметтер және оның өз басы туралы басқа да мәліметтер, сондай-ақ мүмкіндік болса, сол адамның сырт пішінінің сипаттамасы, оның фотосуреті мен саусақтарының ізі;

4) келтірілген материалдық нұсқаның мөлшері туралы көрсеткіш болуға тиіс.

Қылмыстық қудалауды жүзеге асыру үшін ұстап беру туралы өтінішке істің нақты мән-жайы суреттеліп, заң жүзінде бағалануымен қоса, қамауға алу туралы қаулының түпнұсқалық көшірмесі тіркелуге тиіс.

Үкімді орындау үшін ұстап беру туралы өтінішке үкімнің заңды күшіне енуі жөніндегі анықтаманың қуәландырылған көшірмесі мен адамның сотталуына негіз болған қылмыстық заңның тексі қоса тіркелуге тиіс. Егер сотталған адам жазасын өтеп үлгірген болса, бұл туралы деректер де хабарланады.

9-бап

Ұстап беру үшін қамауға алу

Ұстап беру туралы өтініш алынысымен сұрау салынып отырған Уағдаласушы Тарап ұстап беру туралы өтініш жолданған адамды қамауға алу жөнінде дереу шаралар қолданады, бұған осы Шарттың ережелеріне сәйкес ұстап беруге жол берілмейтін реттер енбейді.

10-бап

Қосымша мәліметтер

Егер ұстап беру туралы өтініште осы Шарттың 8-бабында аталған қажетті деректер болмаса, сұрау салынып отырған Уағдаласушы Тарап қосымша мәліметтер талап ете

алады. Сұраушы Уағдаласушы Тарап бұл өтінішке бір айдан аспайтын мерзімде жауап қайтаруға тиіс; дәлелді себептер болған жағдайда бұл мерзім 15 күнге ұзартылуы мүмкін.

Егер сұраушы Уағдаласушы Тарап қосымша мәліметтерді белгіленген мерзімде табыс етпесе, сұрау салынып отырған Уағдаласушы Тарап қамауға алынған адамды осы Шарттың 9-бабына сәйкес босата алады.

11-бап

Ұстап беруді жүзеге асыру

Сұрау салынып отырған Уағдаласушы Тарап өзінің ұстап беру жөніндегі шешімі туралы сұраушы Уағдаласушы Тарапқа ұстап беру туралы өтініш алынған кезден бастап 15 күн ішінде хабарлап, беретін жері мен уақытын көрсетеді.

Егер сұраушы Уағдаласушы Тарап ұстап берілуге тиісті адамды белгіленген беру мерзімінен кейін 15 күн ішінде қабылдаспаса, бұл адам қамаудан босатылуға тиіс. Сұраушы Уағдаласушы Тараптың өтініш бойынша белгіленген мерзімнің ұзартылуы мүмкін, бірақ 15 күннен астам мерзімге ұзартылмайды.

12-бап

Қайтадан ұстап беру

Егер ұстап берілген адам қылмыстық қудалаудан немесе жазасын өтеуден жалтарып, сұрау салынып отырған Уағдаласушы Тараптың аумағына қайтып оралса, сұраушы Уағдаласушы Тараптың өтініші бойынша оның қайтадан ұстап берілуі мүмкін. Бұл жағдайда өтінішке осы Шарттың 8-бабында көрсетілген құжаттарды қоса тіркеу талап етілмейді.

13-бап

Заттар мен құжаттарды беру

Ұстап беру туралы сұрау салынып отырған Уағдаласушы Тарап іске қатынасы бар құжаттарды, қылмыс құралы болып табылатын, осы Шарттың 2-бабына сәйкес берілуге әкеп соғатын заттарды, сондай-ақ қылмыстық ізі қалған немесе қылмысты жолмен

алынған заттарды сұраушы Уағдаласушы Тарапқа береді. Бұл заттар мен құжаттар өтініш бойынша және адамды оның қайтыс болуы салдарынан немесе басқа себептермен ұстап беруге болмайтын ретте беріледі.

Егер осы баптың бірінші бөлігінде аталған заттар мен құжаттар өзіне басқа бір қылмысты іс жүргізу үшін қажет болса, сұрау салынып отырған уағдаласушы Тарап олардың берілуін уақытша кідіртуі мүмкін.

Сұраушы Уағдаласушы Тараптың берілген заттары мен құжаттарына үшінші жақтың құқығы күшін сақтап қалады. Іс жүргізу аяқталғаннан кейін бұл заттар, құжаттар оларды берген Уағдаласушы Тарапқа қайтарылуға тиіс.

14-бап Транзиттік өткізу

Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысы екінші Уағдаласушы Тараптың өтініші бойынша екінші бір Уағдаласушы Тарапқа ұстап берілген адамды үшінші мемлекетке өз жері арқылы алып өтуге рұқсат етеді. Уағдаласушы Тараптар ұстап беруге осы Шарттың ережелеріне сәйкес жол берілмейтін адамдарды өткізуге рұқсат етуге міндетті емес.

Өткізуге рұқсат ету туралы өтініш ұстап беру туралы өтініш сияқты тәртіппен ресімделіп, жіберіледі.

Уағдаласушы Тараптардың құзыретті мекемелері әрбір жеке жағдайда транзиттің әдісі, маршруты және өзге де ережелері жөнінде келісіп алады.

Транзиттік өткізуге байланысты шығындарды сұраушы Уағдаласушы Тарап көтереді.

15-бап Қарым-қатынас тәртібі

Адамдарды ұстап беру туралы өтініш жасаған кезде Уағдаласушы Тараптардың соттары мен басқа да құзыретті мекемелері бірімен бірі Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі мен Бас прокуратурасы және Монғолияның Әділет министрлігі мен Бас прокуратурасы арқылы қарым-қатынас жасайды.

Дипломатиялық арналар арқылы да байланыс жасалуы мүмкін.

16-бап

Құжаттардың тілі мен ресімделуі

Уағдаласушы Тараптардың мекемелері осы Шартта қозғалып отырған барлық мәселелер бойынша өзара қарым-қатынас жасаған кезде Тараптардың мемлекеттік тілдерін пайдаланады.

Уағдаласушы Тараптардың құзыретті мекемелері мемлекеттік тілде

жазып жіберетін құжаттар орыс тіліне аударылуға, құзыретті адамның қолы қойылып, мөрмен куәландырылуға тиіс.

17-бап

Дауларды шешу

Уағдаласушы Тараптар осы Шарттың түсіндірілу немесе орындалу мәселелері жөнінде туындайтын дауларды осы Шарттың 15-бабының бірінші бөлігінде аталған тиісті органдар арасындағы консультациялар арқылы не дипломатиялық арналар арқылы шешеді.

18-бап

Өзгерістер мен толықтырулар

Осы Шартқа өзгерістер мен толықтырулар Уағдаласушы Тараптар арасындағы өзара келісім бойынша енгізіледі және әрбір Уағдаласушы Тараптың ұлттық заңдарына сәйкес заңдық ресімдер орындалғаннан кейін күшіне енеді.

19-бап

Шарттың күшіне енуі

Осы Шарт Тараптар өздерінің ұлттық заңдарында көзделген барлық заңдық ресімдерді орындап, дипломатиялық арналар арқылы өзара жазбаша хабар алысқаннан кейін, соңғы хабар алынғаннан кейінгі 30-күні күшіне енеді.

20-бап

Шарттың қолданылуын тоқтату

Бұл Шарттың мерзімі жоқ және ол Уағдаласушы Тараптардың

кез келгені оның қолданылуын тоқтату туралы дипломатиялық арналар арқылы жазбаша хабар жібергеннен кейін алты ай өткен соң өзінің қолданылуын тоқтатады.

1993 жылғы 22 қазанда Улаанбатор қаласында қазақ, монғол және орыс тілдерінде, әрқайсысы екі данадан жасалды, бұл орайды барлық текстің күші бірдей.

Осы Шартты түсіндіруде пікір алалығы туған жағдайда Уағдаласушы Тараптар орыс тіліндегі тексті ұстанады.

Қазақстан
Республикасы үшін

Монғолия
үшін